

Қазақстан Республикасы

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ АЛҒА
АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ «№3 АЛҒА
ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ»
КММ



Республика Казахстан

КГУ «АЛГИНСКАЯ
КАЗАХСКАЯ СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №3»
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ
АЛГИНСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 20.05

№1-72/1

2024 года _____

Алға қ.

г. Алға

**Ақтөбе облысының білім басқармасының
Алға аудандық білім бөлімінің
«№3 Алға қазақ орта мектебінің» КММ-нің
білім беру қызметін
өзін-өзі бағалауын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» №12 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімінің «№3 Алға қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 13 мамыр – 21 маусым аралығында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы өткізілсін.

2. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы төмендегі тізімде бекітілсін:

- 1 Т.Хайтбаев, мектеп директоры – комиссия төрағасы;
- 2) Қ.Алдабергенов, қамқоршылық кеңесінің мүшесі – комиссия мүшесі;
- 3) С.Қасым, оқу жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
- 4) Л.Бошанова, оқу жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
- 5) З.Уразгулова, тәрбие жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
- 6) М.Адилова, тәрбие жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
- 7) Ж.Тлеушова, кәсіподақ төрағасы – комиссия мүшесі;
- 8) А.Мизанова, мектеп психологы – комиссия мүшесі;
- 9) Н.Бөлекбай, әлеуметтік педагог – комиссия мүшесі.

3. Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімінің «№3 Алға қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес құрылып, бекітілсін.

4. Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 20 мамыр 2024 жылдың педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.
5. Мектептің білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы бойынша құжаттар интернет-ресурсқа уақытылы орналастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Т.Хайтбаев